Қалалық, аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне арналған
көшпелі оқыту семинарының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілетін орны: Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары және Қызылорда қаласының әкімдігінің мәжіліс залы.

Өткізілетін уақыты: 1-7 маусым аралығы

Ұйымдастырушылары: Облыстық ішкі саясат басқармасы, «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры

Шақырылғандар: Қалалық, аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері

«Қоғамдық кеңес мүшелерінің қоғамдағы қызметімен рөлін тиімділігін арттыру» тақырыбында оқыту семинар

Облыстық ішкі саясат басқармасының «ҮЕҰ мен қоғамдастықты қатыстыра отырып қоғамдық кеңестермен жүргізілетін қоғамдық бақылауды дамыту» жобасы аясында «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ү.ж 1-7 маусым аралығында Қызылорда қаласы және 7 аудандық әкімшілік мәжіліс залында **«Облыстық қоғамдық кеңес мүшелерінің жергілікті жердегі өзекті мәселелері»** бойынша көшпелі оқыту семинар өтті. Тренер Жәлиев Нұрхан Бұқарбайұлы өткізді. Оқыту семинарында қоғамдық бақылау жүргізуде қабілеттер мен дағдыларды арттыру тетіктері, қоғамдық бақылау саласындағы мақсаттары мен міндеттері, қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу, қоғамдық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, жұмыс нәтижелері туралы есептерді тыңдау туралы және жаңа өзгертілген заң аясында ақпараттар берілді. Мемлекет — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы.

Мемлекет пайда болу теориялары:

- Теологиялық (діни) теория;
- Патриархалды теория;
- Келісім - шарттық теория;
- Органикалық теория;
- технократтық теория.

Әлеуметтік реттеу адамзат қоғамының дамуымен басталады. Алғашқы қауымдық құрылыста қоғамдық қатынастарды негізгі реттеуші салт-дәстүрлер болды.

Қоғамдағы өзгерістерге байланысты адамдар арасында мүліктік теңсіздік күшейді. Мүліктік теңсіздік негізінде билік тізгінін ұстап қалған топтар үшін олардың мүддесін – билігін - қорғайтын институттар, яғни әскери, күзету-күштеу, салық жинау, бюрократиялық басқару аппараты сияқты құрылымдар қажет болды. Мемлекеттік билікті пайдалана отырып, өздеріне қарсы шыққандарға шара қолдану үшін, мемлекет тарапынан қамтамасыз етілген құқықтық салт-дәстүрлер қалыптастырылды. Сөйтіп, құқық мемлекетпен қатар дамып, олар бірін-бірі бекітті.

Алайда, қоғамның, мемлекеттің дамуына байланысты барлық қоғамдық қатынастарды салт-дәстүрлер реттей алмады. Адамдардың мүдделері кеңейіп, көбейген сайын оларды құқықтық нормаларға айналдыру сұранысы күшейе түсті. Қоғамның көзі ашыла бастады деуге болады.

Міне, осы кезеңде әлеуметтік байланыстарды реттеуді қамтамасыз ету үшін құқық нормаларын бекітетін құқықтың жаңа қайнар көздері - заңдар, заң прецеденті, нормативті келісімдер пайда болды-деді тренер. Оқыту семинар соңында толғандырып жүрген мәселелері, заңдарға байланысты сұрақтар талқыланды.

ФЕЙСБУК ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ШЫҒАРЫЛҒАН АКПАРАТ







Управление группой
Правила группы
Материалы с жалобами от участников
Оповещения для модерации
Качество группы
Настройки
Статистика
Рост
Вовлеченность
Администраторы и модераторы
Участники
«Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры
Пригласить
Видимая
Кто угодно может найти группу.
Общая
Комнаты
Соберите участников группы в видеочате
Создайте комнату, чтобы мгновенно начинать общение с другими участниками в видеочате.
Комментарии: 1 Поделились: 3 Просмотрено: 8
Нравится
Комментировать
Поделиться
Недавние медиафайлы


Управление группой
Правила группы
Материалы с жалобами от участников
Оповещения для модерации
Качество группы
Настройки
Статистика
Рост
Вовлеченность
Администраторы и модераторы
Участники
«Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры
Пригласить
бақылауды дамыту жобасы аясында
3 июня, 17:33
Қоғамдық кеңес мүшелеріне арналған кешпелі оқыту семинары өткізілді.
Облыстық ішкі саясат басқармасының «YEV мен қоғамдықты қатыстыра отырып қоғамдық кеңестермен жұргізілетін қоғамдық кеңестермен жұргізілетін қоғамдық бақылауды дамыту» жобас аясында «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастырумен ө.ж 2 маусым күні сағат 10.00-15.00 де Арал, Қазалы аудандық мәжіліс залында «Қоғамдық кеңес мүшелерінің қоғамдағы қызметімен рөлін тиімділігін арттыру тақырында» оқыту сем... Ещё
Соберите участников группы в видеочате
Создайте комнату, чтобы мгновенно начинать общение с другими участниками в видеочате.
Недавние медиафайлы

Управление группой
Правила группы
Материалы с жалобами от участников
Оповещения для модерации
Качество группы
Настройки
Статистика
Рост
Вовлеченность
Администраторы и модераторы
Участники
«Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры
Пригласить
Общедоступная
Кто угодно может видеть участников группы и их публикации.
Видимая
Кто угодно может найти группу.
Общая
Комнаты
Соберите участников группы в видеочате
Создайте комнату, чтобы мгновенно начинать общение с другими участниками в видеочате.
Айжан Аитмамбетова
Перизат Абдиғапбарова
Поделились: 2 Просмотрено: 7
Нравится
Комментировать
Поделиться


Почта Mailru
фейсбук - 65 млн результатов
(5) Жалағаш Аудандық Мәслих
facebook.com/profile.php?id=100023707564775
Приостановлена
Поиск на Facebook
Перизат
Жалағаш Аудандық Мәслихаты
Отменить запрос
Сообщение
Жандос Тусмагамбетов
Бауыржан Мастеков
Нарбота Серали
Ерхан Бақбергенұлы
Айдос Қожамұрат
Шиелі Ауданы Әкімдігі
Erulan Umirserikov
Kazakylyktin Atamekeni
Қызылорда Діни істері Басқармасы
Перизат Абдиғанбарова
Бауыржан Мастеков
Ерхан Бақбергенұлы
Жандос Тусмагамбетов
Нуризат Бермаганбетова
Ұлжан Ортай
Бакыт Алиева
Ахан Кенжебаев
Танатар Доспанов
Гулзат Курманбаева
Айдар Нурмаганбетулы Сакиев
11
Комментарии: 1 Поделились: 3
Конфиденциальность · Условия использования · Реклама · Выбор рекламы · Файлы cookie · Ещё · Facebook © 2021
Нравится
Комментировать
Поделиться
Введите здесь текст для поиска
КАЗ
3:40
09.06.2021


Почта Mail.ru
фейсбук - 65 млн результатов
(5) Қызылорда Қалалық Қоғам
facebook.com/profile.php?id=100015364817790
Поиск на Facebook
Перизат
Қызылорда Қалалық Қоғамдық Кеңесі
Добавить
Сообщение
Друзья
Все друзья
4 823 (Общих: 104)
Айжан Айтмамбетова
Сагатбек Куанышбайулы
Нурлан Ташим-Теги
Адил Аликулов
Ішкі Саясат Басқармасы
Әсел Жұмабек
Ішкі Саясат Басқармасы
Талғат Телеубаев
Мейірхан Бақытжанұлы
Orep Qyzylorda
Алмат Сматылов
Серік Ерімбетов
Әсел Жұмабек
Гульмира Жаксыльковна
Abzal Shckbarov
Бағым Канкужаева
Қалалық Ішкі Саясат Бөлімі
Мира Казбекова
Шарип Абдрахманов
Ерик Тенизбаев
14
Комментарии: 2 Поделились: 4
Нравится
Комментировать
Поделиться
Введите здесь текст для поиска
ҚАЗ
3:37
09.06.2021


Почта Mail.ru
фейсбук - 65 млн результатов
(5) Жалағаш Аудандық Мәслих
facebook.com/profile.php?id=100023707564775
Поиск на Facebook
Перизат
Жалағаш Аудандық Мәслихаты
Отменить запрос
Сообщение
Друзья
Все друзья
1 111 (Общих: 19)
Жандос Тусмагамбетов
Бауыржан Мастеков
Нарбота Серали
Ерхан Бақбергенұлы
Айдос Қожамұрат
Шиелі Ауданы Әкімдігі
Erulan Umirserikov
Kazakylyktin Atamekeni
Қызылорда Дін Істері Басқармасы
Напишите комментарий...
Жалағаш Аудандық Мәслихаты
3 июня, 17:27
Бүгін, үстіміздегі жылдың 3 маусым күні сағат 11.30 да аудандық мәслихаттың мәжіліс залында Облыстық ішкі саясат басқармасының «ҮЕҰ мен қоғамдықты қатыстыра отырып қоғамдық кеңестермен жүргізілетін қоғамдық бақылауды дамыту» жобасы аясында «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Қоғамдық кеңес мүшелерінің қоғамдағы рөлі мен қызметінің тиімділігін арттыру» бойынша ауданның Қоғамдық кеңес мүшелеріне арналған көшпелі оқыту семинары өтті. Семинарға Қоғамдық кеңес мүшелері және арнайы шақырылған кісілер қатысты. Оқыту семинарды хабарламашы-тренер, «Отандастар қоры» Ақпараттық талдау департаментінің басқарушы директоры Жалиев Нұрхан Бұқарбайұлы жүргізді. Қоғамдық бақылау саласындағы мақсаттары мен міндеттері, қоғамдық мониторингті және қоғамдық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, жұмыс нәтижелері мен есептерді тыңдау туралы ақпараттар берді.
Введите здесь текст для поиска
ҚАЗ
3:39
09.06.2021

aqmeshit-aptalygy.kz/qugyq/koeshpeli-oqytw-seminary-oetti-8571/
Сәрсенбі, 09 маусым 02:42
Бейлаық Жарнама

Ақмешіт апталығы
Қалалық қоғамдық-саяси газет сайты

Каз qaz
Іздеу
Бізге жаңалық жіберіңіз: +7(702)932-52-25
Жаңа шығарылым
PDF мұрағаты
Қоғам | Қала тынысы | Руханият | Экономика | Спорт | Медиа | Басқа бөлімдер

НАЗАРДА
Соңғы | Көп қаралған
«Қайсарға» жаңа бапкер тағайындалды
08.06.2021 83 0
Облыстық комиссия отырысы
08.06.2021 92 0
Назым бастаған кәсіп
08.06.2021 124 0
Білім ордасы «Топ-20» университеттің құрамына енді

Көшпелі оқыту семинары өтті

Құқық

07.06.2021 166 0

Введите здесь текст для поиска
КАЗ 3:42 09.06.2021

aqmeshit-aptalygy.kz/qugyq/koeshpeli-oqytw-seminary-oetti-8571/

НАЗАРДА
Соңғы | Көп қаралған
«Қайсарға» жаңа бапкер тағайындалды
08.06.2021 83 0
Облыстық комиссия отырысы
08.06.2021 92 0
Назым бастаған кәсіп
08.06.2021 124 0
Білім ордасы «Топ-20» университеттің құрамына енді
08.06.2021 132 0
«Covid-19» нені өзгертті?
08.06.2021 129 0

Жуырда «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Қызылорда қаласы және 7 ауданда «Үкіметтік емес ұйым мен қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен қоғамдық кеңестермен жүргізілетін қоғамдық бақылауды дамыту» жобасы аясында көшпелі оқыту семинары өтті.

Облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен өткізілген шара «Қоғамдық кеңес мүшелерінің қоғамдағы қызметі мен рөлін және тиімділігін арттыру» тақырыбында өрбіп, оған қоғамдық кеңес мүшелері, аудан әрдагерлері, қоғам белсенділері қатысты.

Оқыту семинарының тренері Нұрхан Жалиев қоғамдық бақылау саласындағы мақсаттары мен міндеттерге тоқталды. Сонымен қатар қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу, қоғамдық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, жұмыс нәтижелері туралы есептерді тыңдау туралы өзгертілген заң аясында түсіндірме берді. Қоғамдық кеңестің құрылу тарихына да тоқталды.

САУАЛНАМА
Қоғамдық көлікке кондуктор қажет пе?

Введите здесь текст для поиска
КАЗ 3:43 09.06.2021

aqmeshit-aptalygy.kz/qugyq/koeshpeli-oqytw-seminary-oetti-8571/

заң аясында түсіндірме берді. Қоғамдық кеңестің құрылу тарихына да тоқталды.

НАЗАРДА
Соңғы | Көп қаралған
«Қайсарға» жаңа бапкер тағайындалды
08.06.2021 83 0
Облыстық комиссия отырысы
08.06.2021 92 0
Назым бастаған кәсіп
08.06.2021 124 0
Білім ордасы «Топ-20» университеттің құрамына енді
08.06.2021 132 0
«Covid-19» нені өзгертті?
08.06.2021 129 0
САУАЛНАМА
Қоғамдық көлікке кондуктор қажет пе?

Введите здесь текст для поиска
КАЗ 3:43 09.06.2021

АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Заңы
2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ.

Осы Заң ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату жөніндегі әркімнің конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

4-бап. Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары

Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) заңдылық;

2) ақпарат иеленушілер қызметінің ашықтығы мен айқындығы;

3) анықтығы мен толықтығы;

4) өзектілігі мен уақтылығы;

5) ақпаратқа тең қол жеткізу;

6) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды жария етпеу;

7) жеке өмірге, жеке басының және отбасының құпиясына қол сұқпау;

8) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау.

5-бап. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеу

Ақпаратқа қол жеткізу құқығы тек заңдармен және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін.

6-бап. Қол жеткізуге шектеу қойылмайтын ақпарат

Мынадай:

1) азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлармен апаттар және олардың салдарлары туралы, сондай-ақ дүлей зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен салдарлары туралы;

2) денсаулық сақтау саласының, санитарияның, демографияның, көші-қонның, білім берудің, мәдениеттің, әлеуметтік қорғаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстық ахуал туралы;

3) терроризм актілерін жасау фактілері туралы;

4) экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы;

5) жеке және заңды тұлғаларға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар жәнежеңілдіктер туралы;

6) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервінің мөлшері туралы;

8) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтінін, сондай-ақ олардың жобаларын қамтитын;

9) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық жәнежергілікті бюджеттер қаражатының қалыптастырылуы мен олардың жұмсалуы туралы;

10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуын бақылау туралы;

11) ақпарат иеленушілердің, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері туралы;

12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын ақпаратты қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі ақпаратқа қол жеткізу шектелуге жатпайды.

7-бап. Ақпарат пайдаланушының құқықтары мен міндеттері

1. Ақпарат пайдаланушының:

1) заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпарат алуға және таратуға;

2) ақпарат беру туралы сұрау салумен өтініш жасауға;

3) алынатын ақпараттың нақтылығы мен толықтығын тексеруге;

4) сұрау салуды кері қайтарып алуға;

5) ақпарат алу қажеттілігін негіздемеуге;

6) ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне, лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

7) өзінің ақпаратқа қол жеткізуге құқығын бұзумен келтірілген материалдық залалдың және моральдық зиянның заңда белгіленген тәртіппен өтелуін талап етуге құқығы бар.

2. Ақпарат пайдаланушы осы Заңның талаптарын сақтауға міндетті.

9-бап. Ақпарат иеленушінің құқықтары мен міндеттері

1. Ақпарат иеленушінің:

1) құзыретіне сұратылатын ақпаратты беру кіретін тиісті ақпарат иеленушіге сұрау салу жіберуге;

2) сұрау салумен өтініш жасаған адамнан сұрау салудың мазмұнын нақтылауға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша ақпарат беруден бас тартуға құқығы бар.

2. Ақпарат иеленуші:

1) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

2) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге қажетті ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да жағдайларды өз өкілеттіктері шегінде қамтамасыз етуге;

3) анық және толық ақпарат беруге;

4) берілетін ақпаратта лауазымды адам туралы мәліметтердің сәйкестендіру үшін жеткілікті көлемде болуын қамтамасыз етуге;

5) ақпарат берудің заңда белгіленген мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) сұрау салулардың есебін, жинақтап қорытуды және талдауды жүргізуге;

7) ақпарат беру кезінде мүгедектер үшін қажетті жағдайлар жасауға;

8) ақпарат қамтылған интернет-ресурстардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

9) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету саласындағы лауазымды адамдар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге;

10) ақпарат берудің сапасы мен уақтылығына ішкі бақылау жүргізуге;

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнамасын сақтауға;

12) қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылмайтын ашық деректер интернет-порталында ашық деректер түріндегі ақпаратты тұрақты негізде орналастыруға;

12-1) құзыреті шегінде ашық деректердің, ашық бюджеттердің және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың интернет-порталдарында орналастырылатын ақпаратты уақтылы жаңартып отыруға;

13) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

2-1. Осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеленушілердің ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге ішкі мониторингті және оны үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің болуы немесе ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі уәкілетті адамды тағайындауы міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген міндеттерге қосымша ретінде орталық атқарушы органдардың (Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін қоспағанда) басшылары, әкімдер және ұлттық жоғары оқу орындарының басшылары халық алдында атқарылған жұмыс туралы есеп беруге міндетті.

10-бап. Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету тәсілдері

Ақпаратқа қол жеткізу мынадай тәсілдермен қамтамасыз етіледі:

1) сұрау салу бойынша ақпаратты беру;

2) ақпарат иеленушілер орналасқан үй-жайларда және осы мақсаттарда бөлініп берілген өзге де орындарда ақпаратты орналастыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар алқаларының отырыстарына қол жеткізуді және Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының ашық отырыстарын, оның ішінде бірлескен отырыстарын, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдарының ашық отырыстарын және мемлекеттік органдардың жыл қорытындылары бойынша өткізілетін алқаларын интернет-ресурстарда онлайн-трансляциялауды қамтамасыз ету;

4) орталық атқарушы органдар (Қазақстан Республикасының қорғаныс, сыртқы істер министрліктерін қоспағанда) басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептерін тыңдау және талқылау;

5) ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;

6) ақпаратты ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында орналастыру;

7) ақпаратты "электрондық үкімет" веб-порталының тиісті құрамдастарында орналастыру;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер.

11-бап. Сұрау салу бойынша ақпарат беру

1. Сұрау салу бойынша ақпарат тегін беріледі.

2. Қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, сұрау салу бойынша кез келген ақпарат беріледі.

3. Сұрау салу құзыретіне сұратылатын ақпаратты беру кіретін ақпарат иеленушіге жіберілуге тиіс.

Сұрау салу ауызша немесе жазбаша нысанда, оның ішінде электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.

4. Ақпарат пайдаланушы өзі келіп немесе телефон арқылы ауызша сұрау салып өтініш жасай алады.

13-бап. Мемлекеттік органдардың алқалы органдары отырыстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және орталық атқарушы органдардың және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары алқалы органдарының отырыстары, жабық отырыстарды қоспағанда, ашық болып табылады.

Ақпарат пайдаланушылардың ашық отырыстарға қол жеткізуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдары ашық отырыстарды, ал мемлекеттік органдар – жыл қорытындылары бойынша өткізілетін алқаларды интернет-ресурстарда онлайн режимде трансляциялауды қамтамасыз етеді.

14-бап. Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептері

Орталық атқарушы органдардың (Қазақстан Республикасының қорғаныс, сыртқы істер министрліктерін қоспағанда) басшылары, әкімдер және ұлттық жоғары оқу орындарының басшылары жылына бір реттен сиретпей атқарылған жұмыс туралы халық алдында есеп береді.

Есепті кездесулерді өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

15-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру

Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18-бап. Ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне шағым жасау

1. Ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ мемлекеттік органдардың шешімдеріне шағым әрекет жасалғаны немесе тиісті лауазымды адамның немесе органның шешім қабылдағаны туралы азаматқа белгілі болған кезден бастап үш айдан кешіктірілмей жоғары тұрған лауазымды адамға немесе органға не сотқа беріледі . Шағым жасау үшін өтіп кеткен мерзім мемлекеттік орган немесе лауазымды адам не сот үшін шағымды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері шағымды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі болуы мүмкін. 19-бап. Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ ақпарат пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган жанынан консультативтік-кеңесші орган – Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия құрылады.

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қоғамдық мүдделер деп ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу мен таратуға әркімнің конституциялық құқығын іске асырудың қолайлы жағдайларын, нысандарын, тетіктері мен тәсілдерін жасау түсініледі.

Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның қызметі өзінің құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау және шешу кезінде ашықтық пен бүкпесіздік негізінде жүзеге асырылады.

Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның отырыстары тоқсанына бір реттен сиретпей, тоқсанның соңғы айының соңғы онкүндігінде өткізіледі.

21-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 10-баптың 3) тармақшасын және 17-баптың 5-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Н. Назарбаев**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы
«Асыл мұра-Орда» Қоғамдық қоры

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА АТАУЫ
«ҮЕҰ мен қоғамдастықты қатыстыра отырып Қоғамдық кеңестермен жүргізілетін қоғамдық бақылауды дамыту»

(Қалалық, аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне арналған көшпелі оқыту семинарларын өткізу)

Қызылорда облысы, 2021 ж.

Семинар тақырыбы: *Қоғамдық кеңес мүшелері үшін қоғамдық бақылау жүргізу жөніндегі қабілеттері мен дағдыларын арттыру*

МАЗМҰНЫ

I. ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ – ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

II. ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУДЕ ҚАБІЛЕТТЕР МЕН ДАҒДЫЛАРДЫ АРТТЫРУ ТЕТІКТЕРІ

I. ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ – ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Мемлекет — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы.

Мемлекет пайда болу теориялары:

- Теологиялық (діни) теория;
- Патриархалды теория;
- Келісім - шарттық теория;
- Органикалық теория;
- технократтық теория.

1. Теологиялық (діни) теория, мемлекеттің, мемлекеттік биліктің пайда болуын құдайдың құдіретінен, яғни «барлық билік құдайдан» деп түсіндіреді. Әсіресе, бұл теория орта ғасырда кең тарады. XVI-XVIII ғасырларда теократиялық теорияны монархтың билігін қамтамасыз ету үшін пайдаланды.

2. Патриархалды теорияда мемлекеттің пайда болуын отбасымен, монархтың билігін әкенің өз отбасы мүшелеріне билігінен пайда болды деп көрсетеді. Бұл теория патшаның, монархтың шексіз билігіне негізделді. Оның негізін қалаған б.д.д. IIIғ. Аристотель болды. Қазіргі уақытқа дейін бұл қағида өмір сүруде. Бұл теорияның өміршеңдігі - мемлекет пен қоғамның ара-қатынасы - отбасындағы әкенің отбасы мүшелеріне жасаған қамқорлығына сәйкес болуы.

3. Келісім-шарттық теория - мемлекеттің пайда болуын келісім нәтижесіндегі адамның саналы еңбегінің жемісі ретінде түсіндіреді. Мемлекет-адамдардың саналы түрде келісім-шартпен бірігуі және олардың өздерінің бостандығы мен билігінің бір бөлігін ерікті түрде мемлекетке беруі. Бұл теория ерте буржуазиялық ойшылдардың еңбегінде XVII-XVIII ғасырларда кең түрде дамыды. Бұл теорияны жақтаушылар Гроций,Б.Спиноза,Т.Гоббс,Д.Локк,Ж.Ж.Руссо.

4. Технократтық теория 20-шы ғасырдың басында пайда болған. Бұл теория бойынша қоғамды басқарушы-мамандар, менеджерлер басқару керек. Тек солар ғана қоғамның қажетті сұраныстарын, шешу құралдарын, даму жолдарын анықтай алады. Нәтижесінде басқару ғылымға негізделеді, қоғамның прогресситві дамуын қамтамасыз етеді. Негізін қалаушылар - Т. Веблен, Д. Барн-хейм, Г. Саймон, Д. Белл және т.б.

▪ **Құқық.** Кез-келген қоғамда, оның өз мүшелеріне деген қатынасын реттеу қажеттілігі туды.

Әлеуметтік реттеу адамзат қоғамының дамуымен басталады. Алғашқы қауымдық құрылыста қоғамдық қатынастарды негізгі реттеуші салт-дәстүрлер болды.

Қоғамдағы өзгерістерге байланысты адамдар арасында мүліктік теңсіздік күшейді. Мүліктік теңсіздік негізінде билік тізгінін ұстап қалған топтар үшін олардың мүддесін – билігін - қорғайтын институттар, яғни әскери, күзету-күштеу, салық жинау, бюрократиялық басқару аппараты сияқты құрылымдар қажет болды. Мемлекеттік билікті пайдалана отырып, өздеріне қарсы шыққандарға шара қолдану үшін, мемлекет тарапынан қамтамасыз етілген құқықтық салт-дәстүрлер қалыптастырылды. Сөйтіп, құқық мемлекетпен қатар дамып, олар бірін-бірі бекітті.

Алайда, қоғамның, мемлекеттің дамуына байланысты барлық қоғамдық қатынастарды салт-дәстүрлер реттей алмады. Адамдардың мүдделері кеңейіп, көбейген сайын оларды құқықтық нормаларға айналдыру сұранысы күшейе түсті. Қоғамның көзі ашыла бастады деуге болады.

Міне, осы кезеңде әлеуметтік байланыстарды реттеуді қамтамасыз ету үшін құқық нормаларын бекітетін құқықтың жаңа қайнар көздері -заңдар, заң прецеденті, нормативті келісімдер пайда болды.

▪ **Парламенттік жүйе**

Шетелдерде билікті азаматтық қоғаммен бақылаудың демократиялық институттарының тереңнен тарихы қалыптасқан.

Оның ең алғашқы көріністері парламенттік жүйенің қалыптасуы:

- Ағылшын парламенті – 1265 жыл (1215 жылғы Ұлы еріктер хартиясы);
- Францияның Генералды штаттары – 1302 г. Қоғамның 3 сословиесі – дворяндар, діндарлар, қала тұрғындары.

Одан кейін уәкілеттілік (омбудсмен) институттары пайда бола бастады. Алғашқы отаны – Швеция, 13 ғасыр. Обмудсменнің аудармасы швед тілінен – сенімді, уәкілетті тұлға. Олар абсолюттік монархия кезеңінде корольдердің атынан судьялар мен шенеуніктердің қызметін қадағалан. Уақыт өте конституциялық монархия (шектелген монархия) қалыптасқан соң, омбудсмендер парламенттің атынан әкімшіліктерді бақылауға көшкен.

▪ **Қоғамдық бақылаудың мақсаты мен міндеттері.**

Жалпы **қоғамдық бақылау** мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін бірден бір құрал болып табылады.

Яғни, қоғамдық бақылау объектілерінің қызметін қоғамдық мүдделерге сәйкестігін бағалау, тексеру, қадағалау бойынша **қоғамдық бақылау** субъектілерінің қызметі. Қоғамдық бақылау адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, басқа да конституциялық құндылықтары мен құқықтарының мойындалуы мен сақталуын көздейді.

Ол, қоғамға, бюджеттік қаражатты, мемлекеттік қызметтердің сапалығын, жемқорлыққа қарсы тұру үшін керек.

▪ **Халықаралық тәжірибе**

Еуроодақта қоғамдық бақылаудың 4 нысанын белгілеуге болады:

1. Азаматтардың мәліметтері мен сұраныстарымен жұмыс:

- *Қоғамдық пікір сауалдарымен жұмыс;*
- *Азаматтық бірлестіктердің ұсыныстарымен жұмыс;*
- *Азаматтардың шағымдарымен жұмыс.*

2. Қоғамдық консультациялар:

- *Мүдделі тараптардың қатысуымен ашық тыңдаулар;*
- *Қоғамдық өкілдермен жабық тыңдаулар*;
- *Жазбаша косультациялар.*

3. Кеңестік форумдар (жиындар):

- *Воркшоптар (жұмысшы топтар);*
- *Конференциялар;*
- *Азаматтық алқа.*

4. Әлеуметтік желілер арқылы интерактивті диалог:

- *Арнайы құрылған алаңдарда;*
- *Бұрыннан бар әлеуметтік желілерде.*

II. ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУДЕ ҚАБІЛЕТТЕР МЕН ДАҒДЫЛАРДЫ АРТТЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Қоғамдық кеңестер туралы заңның 16-бабына сәйкес Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау саласындағы мақсаттары мен міндеттері келесідей:

1. Қоғамдық кеңес қоғамдық бақылауды мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шешімдер қабылдау процесіне азаматтық қоғамның қатысу мүмкіндігін кеңейту мақсатында жүзеге асырады.

2. Қоғамдық бақылаудың міндеттері:

1) мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін, ашықтығын арттыру;

2) қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды іске асыру;

3) азаматтардың мемлекет пен оның органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне сенім деңгейін арттыру, қоғам мен мемлекет арасында кері байланысты қамтамасыз ету, әлеуметтік жанжалдардың алдын алу және оларды шешу;

4) халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне тарту.

▪ Негізі шетелдерде қоғамдық бақылау ұғымы жоқ.

Оны, олар «Ашықтық» және «қатысу» деген сөздер арқылы түсінеді. Осы екі ұғым қоғамдық бақылаудың негізін қалайды.

Бұл дегеніміз азаматтардың білу, хабардар болу құқығын іске асырудағы мемлекеттік аппараттың міндетіне айналады. Яғни, бұндай қағида азаматтардың мемлекеттік басқарудағы құқығын жүзеге асыратын кепілдік ретінде қарастырылады. Мемлекет өзі кепіл ретінде танылады және сонымен оның қызметі бағаланады.

Мысалы АҚШ-та мемлекеттік билік «Ашық үкімет» құруда. Оның мақсаты:

- Үкіметтің қызметі туралы толық ақпарат беруі;
- Оны азаматтарға қолжетімді етуі;
- Үкімет қызметінің тиімділігі мен жауапкершілігін арттыру үшін неғұрлым көп адамдарды шешім қабылдау процесіне тартуы;

- Тазалық пен шынайлықтың жоғары стандарттарын қамтамасыз етуі міндетті. Себебі биліктегілер өздеріне емес, адамдарға қызмет ету керек.

▪ **Процедуралардың рөлі**

- Негізгі қағидат: **«Демократия - есептілікті, ал есептілік - ашықтықты талап етеді».**

- Демек, ашықтық олардың түсінігі бойынша - мемлекеттік биліктің шешімдер қабылдаудағы әрекеті немесе процедурасы түсінікті, негізді болуы. Қабылданатын шешімдерге негіз болатын **ақпарат** қоғамға барынша ашық және қолжетімді болуы тиіс.

- Ашықтық - бұқаралық билік органдары қызметінің барлық сатыларында қамтамасыз етілуі абзал, демек, шешімді әзірлеу, оны қабылдау және жүзеге асыру барысында қоғамдық ұйымдар заңды негізде араласа алады. Оған жағдай жасау мемлекеттік органдардың міндеті.

▪ Жалпы қоғамдық бақылауды іске асыруда, яғни **ашықтықты қамтамасыз етуде,** ең тиімді тетіктердің бірі – ол ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі.

Осы ретте Ақпаратқа қол жеткізу туралы заңының рөлі ерекше *(Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ).*

Бұл Заң ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату жөніндегі әркімнің конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

▪ **Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР Заңына шолу**

Заң ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға негізделеді (4-бап):

1) заңдылық;
2) ақпарат иеленушілер қызметінің ашықтығы мен айқындығы;
3) анықтығы мен толықтығы;
4) өзектілігі мен уақтылығы;
5) ақпаратқа тең қол жеткізу;
6) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды жария етпеу;
7) жеке өмірге, жеке басының және отбасының құпиясына қол сұқпау;
8) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау.

▪ **Қол жеткізуге шектеу қойылмайтын ақпарат (6-бап)**

Мынадай:

- азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлармен апаттар және олардың салдарлары туралы,;

- денсаулық сақтау саласының, санитарияның, демографияның, көші-қонның, білім берудің, мәдениеттің, әлеуметтік қорғаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстық ахуал туралы;

- экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы;

- жеке және заңды тұлғаларға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар және жеңілдіктер туралы;

- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервінің мөлшері туралы;

- республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының қалыптастырылуы мен олардың жұмсалуы туралы;

- ақпарат иеленушілердің, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері туралы;

- саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі ақпаратқа қол жеткізу шектелуге жатпайды.

▪ **Ақпарат пайдаланушының құқықтары мен міндеттері (7-бап).**

1. Ақпарат пайдаланушының:

1) заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпарат алуға және таратуға;

2) ақпарат беру туралы сұрау салумен өтініш жасауға;

3) алынатын ақпараттың нақтылығы мен толықтығын тексеруге;

4) сұрау салуды кері қайтарып алуға;

5) ақпарат алу қажеттілігін негіздемеуге;

6) ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне, лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

7) өзінің ақпаратқа қол жеткізуге құқығын бұзумен келтірілген материалдық залалдың және моральдық зиянның заңда белгіленген тәртіппен өтелуін талап етуге құқығы бар.

▪ **Ақпарат иеленушінің құқықтары мен міндеттері (9-бап)**

Ақпарат иеленушінің міндеттері:

- ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге;
- ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге қажетті ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да жағдайларды өз өкілеттіктері шегінде қамтамасыз етуге;
- анық және толық ақпарат беруге;
- ақпарат берудің заңда белгіленген мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге;
- ақпарат қамтылған интернет-ресурстардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- ақпаратты тұрақты негізде орналастыруға, уақтылы жаңартып отыруға және т.б.

▪ **Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету тәсілдері (10-бап).**

Ақпаратқа қол жеткізу мынадай тәсілдермен қамтамасыз етіледі:

- сұрау салу бойынша ақпаратты беру;
- ақпарат иеленушілер орналасқан үй-жайларда және осы мақсаттарда бөлініп берілген өзге де орындарда ақпаратты орналастыру;
- мемлекеттік органдардың алқалары отырыстарын, Парламент отырыстарын, мемлекеттік органдардың жыл қорытындылары бойынша өткізілетін алқаларын интернет-ресурстарда онлайн-трансляциялауды қамтамасыз ету;
- орталық атқарушы органдар *(Қорғаныс және сыртқы істер министрліктерін қоспағанда)* басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептерін тыңдау және талқылау;
- ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурсында орналастыру.

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер.

▪ **Сұрау салушы бойынша ақпарат (11-бап):**

- Сұрау салу бойынша ақпарат тегін беріледі.
- Қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, сұрау салу бойынша кез келген ақпарат беріледі.

- Сұрау салу құзыретіне сұратылатын ақпаратты беру кіретін ақпарат иеленушіге жіберілуге тиіс.

- Сұрау салу ауызша немесе жазбаша нысанда, оның ішінде электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.

- Ақпарат пайдаланушы өзі келіп немесе телефон арқылы ауызша сұрау салып өтініш жасай алады.

▪ Мемлекеттік органдардың алқалы органдары отырыстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету (13-бап):

- Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық атқарушы органдардың және жергілікті өкілді және атқарушы органдары алқалы органдарының отырыстары, жабық отырыстарды қоспағанда, ашық болып табылады.

- олар жыл қорытындылары бойынша өткізілетін алқаларды интернет-ресурстарда онлайн режимде трансляциялауды қамтамасыз етеді.

▪ Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептері (14-бап).

Орталық атқарушы органдардың (Қорғаныс, сыртқы істер министрліктерін қоспағанда) басшылары, әкімдер және ұлттық жоғары оқу орындарының басшылары жылына бір реттен сиретпей атқарылған жұмыс туралы халық алдында есеп береді.

▪ Ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне шағым жасау (18-бап).

1. Ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне)... шешім қабылдағаны туралы азаматқа белгілі болған кезден бастап үш айдан кешіктірілмей жоғары тұрған лауазымды адамға немесе органға не сотқа беріледі .

Шағым жасау үшін өтіп кеткен мерзім... шағымды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері шағымды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі болуы мүмкін.

▪ **Қорытынды**

Негізінде, қоғамдық бақылау оның субъектілерінің көпсалалығын байқатады. Негізінде - қоғам бақылау субъектісі, ал мемлекет - бақылау объектісі.

Жалпы, қоғамдық бақылау институты қызметінің тиімділігн арттыру - қоғамдағы мәселелерді шешуде ғана емес, ол қоғамдық бақылаудың өзінің толыққанды дамуында да үлкен рөл атқарады.

Тыңдағандарыңызға рахмет.